

3

дамытуға керектігі: дамытушы орта, жұмыстың тиімді түрлері мен әдістері, балалардың қабілеттерін ашуға жағдай жасай, дамытушы орталықтарды толықтыру.

Мектепке дайындық топ түлектері жайлы ақпарат
(2023-2024оқу жылы)

Түлектер саны:

41 бала -2023 жыл

№1 педкенес

Тақырыбы: «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны»

Мақсаты: 2022 жылдың 14 қазанындағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына енген өзгерістерді, мектепке дейінгі ұйымның оқыту, тәрбиелеу, білім беру процессіндегі өзгерістерді талқыға салу. Қолайлы инновациялық технологияларды таңдап, тәжірибе жүзінде іске асыруға бағыт беру.

№2 педкенес

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымында дене шынықтыру- сауықтыру қызметінің жүйесі»

Дөңгелек үстел

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мамандарының ойын құзыреттілігін арттыру. Балаларды жан-жақты дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

№3 педкенесте

«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік қабілеттерін дамыту шарты ретінде жүйелі сөйлеуді дамытудың педагогикалық технологияларын енгізу»

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың сөйлеу құзыреттілігін арттыру. Балалардың тілін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді, түрлі технологияларды енгізу, педагогтардың білімдерін кеңейту.

№4 педкенесте

Тақырыбы: «Балалардың танымдылық белсенділігін дамытуда, қызығушылығын арттыруындағы дидактикалық, интерактивті ойындардың тиімділігі»

Мақсаты: Балалардың танымдылық белсенділігін дамыту, түрлі іс-әрекеттерде баалардың қызығушылығын арттыру, дидактикалық, интерактивті ойындарды тиімді қолдану.

№5 педкенесте

Тақырыбы: «2023-2024оқу жылында жылдық міндеттердің іске асырылуы, жылдық қорытынды»

Мақсаты: 2023-2024оқу жылындағы педагогтар мен тәрбиеленушілердің жетістігін саралау, жылдық жоспар бойынша жұмыстарға қортынды шығару, педагогтардың кәсіби шеберліктерін талдау жасау.